

FTAMP 06.81.23

Ж.Е. Айнакулова (orcid-0000-0003-0978-5329)*Аға оқытушы,**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан**Электрондық пошта: ai.zhanat@mail.ru***ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Аннотация. Мақалада қазақстандық бірегейлік пен бірлікті сақтау жолы ретінде жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесі талданады. Мақалада қазақ халқының өткеніне шолу жасалған, қазақ қоғамындағы тәрбие өз тамырымен терең өткенге кетеді деген ой негізделген. Мақалада тәрбиенің қоғамдағы рөлі, патриоттық сезімдерді қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілік туралы мақал-мәтелдерге талдау жасалған. Автор қазақ хандығының қалыптасу кезеңіне, қазақстандық патриотизмнің қалыптасуындағы алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің рөліне жүгінеді, сондай-ақ, Ш. Уәлиханов пен Абайдың ағартушылық қызметі негізінде ой дамытады. Мақалада Елбасы – Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың жаңа қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы мен дамуындағы рөлі көрсетілген.

Тірек сөздер: тәрбие, жас ұрпақ, жаңа қазақстандық патриотизм, мақал-мәтел, этнос, этникалық топтар.

Кіріспе. Тәрбие – адамдардың өзара әрекеттесуінің ежелгі түрлерінің бірі. Жинақталған тәжірибені кейінгі ұрпаққа беру ерте кезден бастау алады. Ежелгі дәуірде әлеуметтік тәрбиенің негізін отбасы құрады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу бойынша адамдардың іс-әрекеттері қасиетті болды. Балаларға көп еркіндік берілді, олар көп ойнады және өз ойындарында ересектердің өміріне жиі еліктеді.

Осы кезеңде педагогикалық ой жеке пікірлер, мәлімдемелер түрінде болды – мұны өзіндік педагогикалық өсиеттер ретінде қабылдауға болады. Ананың ерекше миссиясы ежелгі дәуірден бастау алады. Бала туылғаннан бастап ананың махаббаты бесік жыры арқылы білдірілді. Олар арқылы бала қоршаған әлем туралы алғашқы түсініктер алды, дәл осы бесік жырлары нәрестенің жанын байытты.

Қазақ қоғамында бала тәрбиесіне көп көңіл бөлінді. Біріншіден, балалар тегіндегі әйгілі адамдар өмірінің мысалында тәрбиеленді. Сонымен қатар, қазақтар сөздің күшіне көбірек көңіл бөлді. Адамдар ескі данагөйлердің, ақындардың сөздерін ерекше ықыласпен тындаған. Қазақ қоғамындағы жазба әдебиет тек XIX ғасырда ғана пайда болды, сондықтан тәрбиелік мәні бар ауызша халық шығармашылығының үлгілері ауыздан-ауызға беріліп отырды. Фольклор құралдарының мол арсеналынан мақал-мәтелдер үлкен тәрбиелік функцияға ие. Оларда халықтың көпғасырлық тәжірибесі жинақталған, мақал-мәтелдер жастарды еңбекке, оқуға, Отанға, туған ошаққа деген сүйіспеншілікке шақырады. Халықтық сөздерде баланың жеке басының қалыптасуына ерекше назар аударылады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Мақалада тарихи өткенге шолу жасалғандықтан, тарихи-салыстырмалы, ретроспективті және тарихи кезеңдеу әдісі қолданыс тапты. «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесепат» сияқты мақал-мәтелдерінде моральдық категориялар соңғы орын алмайды [1]. Қазақ халқының ауызекі сөздерінде еңбексүйгіштік, ақыл,

карапайымдылық, шыншылдық, адалдық, тілектестік, мейірімділік, ықыластылық сияқты қасиеттер құпталады.

Мемлекеттік қалыптасу жағдайындағы қазақ халқының тағдыры, қайғылы болмаса, оңай болған жоқ. Сыртқы жаулар қазақтардың жерін басып алуға ұмтылды, ер адам бүкіл өмірін әскери жорықтарда өткізді. Сондықтан халық нақылдарының басты тақырыптарының бірі патриоттық тақырып болып табылады. Ересектер балаларды кішкентай кездерінен өз шежіресін білуге үйреткен, әр адамның ең қасиетті борышы – туған жерін, руын, отбасын, өз ошағын қорғау: «Ел іші – алтын бесік» [1], «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне» [1], «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» [1].

Зерттеу нәтижелері. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселелерін зерттеу бірқатар нәтижелерді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Болашақ азамат пен патриоттың жеке басын қалыптастыруда тәрбие үрдісінде тарихи тұлғалардың өмірінен мысалдар, тарихтың қиын дағдарыс кезеңдеріндегі адамдардың мінез-құлық үлгілерін зерттеу сияқты нысандарды қолданған жөн. Патриоттық тәрбие беру тәсілдерінің бірі – үлгі арқылы тәрбиелеу. Осылайша, нағыз патриоттар, қазіргі Қазақстан аумағында бірінші ұлттық мемлекетті құрған алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібектің өмірі мен қызметі лайықты үлгі бола алады. Керей мен Жәнібек өмір бойы халықтың тәуелсіздігі үшін күресті, хандықтың шекарасын қорғады, олардың арманы күшті және тәуелсіз мемлекет құру болған. Керей мен Жәнібек хандардың елді парасатты басқаруының арқасында құтқару мен бақыт іздеуде өз өмірлерін қатерге тіккен санаулы және қорғансыз көшпелі тайпалардың арасында лайықты әрі тәуелсіз өмір сүруге мүмкіндік пайда болды. Жәнібектің ұлы Қасым хан, өз әкесінің лайықты ұлы болған деуге болады. Ол өз халқын, Отанын қорғауға, өз елінің мәдениетін білуге және сүйуге, отбасының салт-дәстүрлерін құрметтеуге шақырды. Қасым ханның патриот ретінде өз отанының дамуына қосқан үлесін асыра бағалау қиын, ол Қазақ хандығының шекарасын кеңейте алды, халық санын көбейтті. Қазақ хандығы Конституциясының өзіндік бір түрі – «Қасым ханның қасқа жолы» тарихи еңбектің авторы болып табылады. Осы тарихи құжаттың көмегімен көптеген жылдар бойы мемлекет ішіндегі қатынастар реттелді, басқа мемлекеттермен байланыстар жүзеге асырылды.

Қазақ хандығының тарихын Абылай хансыз елестету де қиын. Ол жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте халық мұратына жанқиярлықпен берілгендігін көрсетті. Абылай хан соңында қазақтың үш жүзін біріктіре алды, нәтижесінде 1771 жылы ол ақ киізге көтеріліп, барлық үш жүздің ханы болып жарияланды. Осылайша, Абылай хан мықты мемлекет құра алды, оның жүргізген сыртқы және ішкі саясаты даналығымен және көрегендігімен ерекшеленді.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов лайықты үлес қоса білді. Шоқан XIX ғасырда өмір сүрген, еуропалық білім алған санаулы қазақтардың бірі. Оның жақын достарының бірі Г.Н. Потанин Ш. Уәлиханов туралы былай деп жазды: «Орыстарға қарағанда ол тым Еуропалық еді, сондықтан да ондағы еуропалық рухани мәдениеттің белгісін ешқашан алып тастай алмаймыз. Бірақ Еуропаға деген сүйіспеншілік оны өз халқынан ажыратпады. Керісінше, еуропалық рухта тәрбиеленген Шоқан өз өзіне қырғыз (қазақ) халқының қызметшісі ретінде қарайтын [2].

Қазақстандық патриотизмге тән белгілердің бірі – толеранттылық, әртүрлі халықтар мәдениеттерінің өзара енуі және өзара әсер етуі. Ұлттық

өзара кірігудің үлгісі белгілі ғалымдар Г.Н. Потанин мен Ш. Уәлихановтың шығармашылығы болып табылады. Шоқан Уәлиханов орыс тілін жетік білсе, Григорий Потанин қазақ халқының тілін жетік меңгерген. Г. Потанинды «Қазақ халқының орыс ұлы» деп атаған, ол қазақ халқының өмірін зерттеуге лайықты үлес қосты: қазақ жерлерінің географиялық сипаттамасы, тарихи жазбалар, үлкен ғылыми, танымдық, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар этнографиялық жазбалар авторы. Ш. Уәлиханов пен Г. Потаниннің азаматтық ұстанымы – гуманистер мен интернационалистердің ұстанымы – қазіргі дәуірде аса өзекті және маңызды. XIX ғасырда халықтар арасындағы өзара қарым-қатынаста қажетті толеранттылық қағидатын дамыта отырып, олар өз заманынан озды деп нық сеніммен айтуға болады. Екі ғалымның қызметі өз Отанына, туған жеріне деген асыл махаббатқа толы.

Патриоттық тәрбиенің бір бағыты – екі халық өкілдерінің достығы мысалында тәрбиелеу. Г. Потанин мен Ш. Уәлиханов бауырлас қарым-қатынастарымен көршілес екі мемлекеттің ғасырлық, тарихи достығының берік іргетасын қалады. Бірыңғай экономикалық кеңістік, аумақтық талаптардың болмауы, ұлттық менталитет, тілдік тосқауылдың жоқтығы, жаһандық әлемдік проблемаларды шешуге көзқарастар мен тәсілдердің сәйкес келуі біздің мемлекеттерімізді әлемдегі сыртқы саяси ынтымақтастықтың үлгісіне айналдырады.

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы және философ Абай Құнанбаевтың өлеңдері Отанға деген сүйіспеншілікке, өз халқының болашағы үшін алаңдаушылыққа толы. Абай өлеңдерін мұқият оқу ақынның өз халқын ағартылған, дамыған және тәуелсіз көру арманын сезінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына тарихи жағдайлар ерекше әсер етті деген ойды негіздеуге мүмкіндік береді.

Елбасы – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылғы 23 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын мерекелеуге байланысты өткен XXII сессияда «Мәңгілік Ел: Бір ел – бір тағдыр» тақырыбында сөйлеген сөзінде: «Өткен XX ғасыр бойы Қазақстан аумағында көпэтносты халықты қалыптастырудың күрделі процесі жүріп жатты. Ғасырдың басында Столыпин реформалары кезеңіндегі шаруалардың қоныс аударуы барысында Қазақстанға Ресейден, Украинадан және Беларусьтен 1 миллион 150 мың адам келді. Екі онжылдық өткен соң, 30-шы жылдары ұжымдастыру кезінде бұрынғы КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың шаруа жер аударылды. Сонымен қатар, өнеркәсіптік нысандардың құрылысына еліміздің түкпір-түкпірінен 12 миллионға жуық адам көшірілді.

Сталин режимі кезінде әр жылдары бүкіл халықтар жер аударылды – шамамен 800 мың неміс, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 550 мың өкілі, Қиыр Шығыстан 18,5 мың корей отбасы. Олар вагондардан тікелей далаға түсірілді. Ол кезде мұнда тек қазақтар ғана тұратын. Сондықтан олар жер аударылған адамдарды өз жерлерінде қабылдады».

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан эвакуацияланған халықтың 350 мың адамын қабылдады. 50-ші жылдары тың игеруге тағы 1,5 миллион адам келді. Сонымен қатар, Қазақстан түрлі жабық әскери нысандар құрылысының орталығы болды. Осындай нысандарды салу үшін 150 мыңға жуық әскери және басқа да мамандар мен олардың отбасылары қабылданды. Көріп отырғанымыздай, Қазақстанның көпжылдық саяси қалыптасуының тарихы

саяси жер аударудың, депортацияның, тың жерлерді игерудің, биліктің одақтық ведомствоаралық органдарының жарлықтарына сәйкес адамдардың қоныс аударуының салдарынан республика халқының толығымен тығыз байланысты. Қалыптасқан этникалық ерекшеліктері бар қазақ халқы әртүрлі қоғамдық-саяси жағдайлар негізінде Қазақстан аумағында пайда болған этностар мен этникалық топтарды шын жүректен, жылы шыраймен және жақсы қабылдады. Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Жалпы XX ғасырдың басынан бастап Қазақстанға 5,6 миллион адам көшірілді. Жергілікті халықтың саны шамамен 6 миллион адамды құраған» [4].

Қуғын-сүргін, жер аудару, тың игеру барысында сталиндік кезеңде Одақтық ведомствоаралық биліктің қалауы бойынша және саяси науқан кезеңінде Қазақстан әртүрлі этностар мен этникалық топтар қоныс аударған зертханалық полигонға айналды.

Қазақстан бүгінде нағыз Отанына айналған 130-дан астам этнос пен этностық топтардың қоныс аударуының өзіндік тарихы осылайша қалыптасты. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жаңа типтегі этносаралық қатынастар жүйесі оны одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындады. Бұл әлемнің ешбір елінде теңдесі жоқ ерекше құбылыстар. Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін біздің қоғам өмірінде ғана емес, ұлттық саясатта да елеулі өзгерістер болды. Ұлттық қарама-қайшылықты жоюға және барлық этностардың ұлттық тілектерін орындауға бағытталған Қазақстан Республикасының ұлтаралық қатынастарында мемлекет жүзеге асырған Ұлт мәселелері елдегі бейбітшілік пен келісімді сақтауға бағытталған салмақты, жан-жақты саясаттың мәні болды. Арнайы ұлттық тілдік-мәдени және басқа да бағдарламалар мемлекеттік Конституцияның ережелерінде қамтылған заңдарға сәйкес бекітілді.

Тоталитарлық жүйе салдарынан миллиондаған жазықсыз адамдардың қайғылы депортациясы бүкіл халықтардың жан дүниесінде емделмейтін із қалдырды. Қазіргі уақытта қазақ жерінде 130-дан астам этностар мен этникалық топтар тұрып, еңбек етуде. Тарихи отанына оралмаған, өз болашағын Қазақстанмен байланыстырған түрлі этностардың өкілдері біздің елде нық орнықты, өмір сүріп, еңбек етуде, жаңа Отанының өркендеуіне лайықты үлес қосуда.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы біртұтас ұлттың қуатты және жауапты елі болу үшін болашаққа бағытталған бағдарламалық құжатқа айналды. Ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында, Рухани жаңғырудың арқасында, біз ұлттық мүдде – ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтай отырып, жаһандық бәсекелестікті еңсере аламыз. Елбасы атап өткендей, ұлттық кодты, ұлттық мәдениетті – ұлттық бірегейліктің тірегін сақтау қажет. Ұлттық бірегейлігін жоғалтқан ұлттың болашағы жоқ. Тек ұлттық бірегейлікті сақтаған мемлекет қана жаһандануға қарсы тұра алады.

Қорытынды. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесін зерттеу барысында мынадай қорытындыға келдік. Қазақстанда түрлі этностар мен этностық топтардың қатар бейбіт өмір сүруі басқа мемлекеттерде дами алмайтын ерекше қазақстандық менталитеттің қалыптасуына әкелді. Қазақстанның бірегейлігі оның этностық әралуандығында жатыр. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде осындай саяси жүйе қалыптасты. Алайда, Қазақстанда орын алатын басқа ұлт өкілдеріне ерекше қалыптасқан тілектестік пен төзімділік барлық мемлекеттерде кездеспейді. Бұл қазақстандықтарға басқа халықтармен құнды мәдени жетістіктермен

алмасуға мүмкіндік беретін ерекше байлық, бүкіл қоғамымыздың ортақ жетістігі.

Осылайша, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті сақтаудың ең тиімді жолы – жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, жас ұрпақтың ұлттық руханиятын дамытуға бағытталған тәрбие мен білім беру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Потанин, Г.Н. Избранное (в трех томах) [Мәтін] / Г.Н. Потанин. – Павлодар: «ЭКО», 2005.
2. Адамбаев, Б. Казахское народное ораторское искусство [Текст] / Б. Адамбаев. – Алматы, 1997.
3. Назарбаев, Н.А. Послание Первого Президента РК народу Казахстана [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-14-dekabrya-2012-g
4. Бөлеев, Қ. Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі [Мәтін] / Қ. Бөлеев. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2008. – 110 б.
5. Бөлеев, Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы [Мәтін] / Қ. Бөлеев. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.

Материал редакцияға 13.12.21 түсті.

Ж.Е. Айнакулова

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Қазақстан

ИСТОРИКО-СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ НОВОГО КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

Аннотация. В статье анализируется проблема формирования нового казахстанского патриотизма как путь сохранения казахстанской идентичности и единства. В статье совершен экскурс в прошлое казахского народа, обоснована мысль о том, что воспитание в казахском обществе своими корнями уходит в глубокое прошлое. В работе представлен анализ пословиц и поговорок о роли воспитания в обществе, формировании патриотических чувств, любви к Родине. В воспитании патриотизма ввтор обращается к периоду становления казахского ханства, роли первых казахских ханов Жанибека и Керейя, рассмотрено также значение просветительской деятельности Чокана Валиханова и Абая Кунанбаева. Представлена также роль Главы государства Первого Президента Н. Назарбаева в становлении и развитии нового казахстанского патриотизма.

Ключевые слова: воспитание, новое поколение, новый казахстанский патриотизм, народная мудрость, этнос, этнические группы.

Zh.E. Ainakulova

M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

HISTORICAL AND COMPARATIVE ANALYSIS OF THE NEW KAZAKHSTAN PATRIOTISM

Abstract. This article analyzes the problem of the formation of a new Kazakh patriotism as a way to preserve Kazakhstan's identity and unity. The article makes an excursion into the past of the Kazakh people. The article substantiates the idea that education in Kazakh society has its roots in the deep past. The article presents an analysis

of proverbs and sayings about the role of education in society, the formation of patriotic feelings, love for the Motherland. The author refers to the period of formation of the Kazakh Khanate, the role of the first Kazakh khans Janibek and Kerey in the formation of Kazakh patriotism. The article highlights the educational activities of ChokanValikhanov, AbaiKunanbayev. The article presents the role of the Head of State of the First President NursultanNazarbayev in the formation and development of a new Kazakh patriotism.

Keywords: education, new generation, new Kazakhstani patriotism, folk wisdom, ethnos, ethnic groups.

References

1. Potanin G.N. Izbrannoe (v treh tomah) [Favorites (in three volumes)]. - Pavlodar: "ECO", 2005. [in Russian].
2. Adambaev B. Kazahskoe narodnoe oratorskoe iskusstvo [Kazakh folk oratory art]. - Almaty, 1997. [in Russian].
3. Nazarbayev N.A. Poslanie Pervogo Prezidenta RK narodu Kazahstana [Message of the First President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan]. [Electronic resource]. - Access mode: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-14-dekabrya-2012-g [in Russian].
4. Buleev K. Қазақ jetnopedagogikasy – ұлттық тәрбие берудің negizi [Kazakh ethnopedagogics - the basis of public education]. - Almaty: Nurly Alem, 2008. - 110 p. [in Kazakh].
5. Boleev K. Bolashaқ мұғалimderdi оқushylarға ұлттық тәрбие берuge кәsibi dajyndau: teorijasy zhәne praktikasy [Professional training of future teachers for educating students in a folk style: theory and practice]. - Almaty: Nurly Alem, 2004. - 304 p. [in Kazakh].